

Айына салық салу бірлігі үшін нақтыланған салық мөлшерлемелерінің мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 18 ақпандағы N 120 шешімі. Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 наурызда N 3-6-79 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 наурыздағы № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 01.03.2018 № 227 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің атауында және мәтінде "ставкаларының" сөздері "мөлшерлемелерінің" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 28.04.2017 № 146 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" N 148-III Заңның 6 бабына сәйкес, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV ҚРЗ Кодексінің 422 бабын орындау мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 28.04.2017 № 146 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Айына салық салу бірлігі үшін нақтыланған салық мөлшерлемелерінің мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Ж.Қалдығұлов

Аудандық мәслихат
хатшысы
Ж.Құлманов

Аудандық мәслихатының
2009 жылғы 18 ақпандағы
N 120 шешіміне ҚОСЫМША

Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың мөлшерлемелерінің мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 28.04.2017 № 146 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Салық салу объектісінің атауы	Айлық есептік көрсеткіштерде тіркелген салықтың мөлшерлемелерінің мөлшері
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК